

**Аудан әкімінің 2011 жылғы 06 желтоқсандағы "Он жеті жасқа толатын азаматтарды әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы" N 57 шешіміне өзгерістер енгізу жайлы**

*Күшін жойған*

Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2012 жылғы 31 қаңтардағы N 60 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 10 ақпанда N 10-9-215 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2012 жылғы 12 наурыздағы N 61 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Шиелі ауданы әкімінің 2012.03.12 N 61 шешімімен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і :**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып **ШЕШЕМІН:**

1. Аудан әкімінің 2011 жылғы 06 желтоқсандағы "Он жеті жасқа толатын азаматтарды әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы" (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізімінде 2012 жылдың 10 қаңтарында N 10-9-213 болып тіркелген, аудандық "Өскен өңір" газетінің 2012 жылдың 18 қаңтарында N 9 (7952) шығарылымында жарияланған) N 57 шешімге төмендегіше өзгерістер енгізілсін:

1) аталған шешімнің атауын "Тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын азаматтарды әскери есепке тіркеуге алу жұмыстарын жүргізу туралы" деп жаңа редакцияда жазылсын;

2) шешімнің 2 тармағы "Қызылорда облысы Шиелі ауданының Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнымен бірлесіп, азаматтарды медициналық куәландыру үшін маман дәрігерлер ұсынылсын (келісім бойынша)" деп жаңа редакцияда жазылсын;

3) шешімнің екінші бетіндегі келісу таңбаларындағы "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының бас дәрігері Н.Әмір" деген сөздер "Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының "Шиелі аудандық емханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық

кәсіпорнының бас дәрігері Н. Әмір" деп, сонымен қатар орыс тілдегі мәтінінің " Начальник государственного учреждения "Шиелійский отдел внутренних дел" С.Қарынбаев" деген сөздері "Начальник государственного учреждения " Шиелійский районный отдел внутренних дел" С.Қарынбаев" деп өзгертілсін.

2. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Т. Жағыпбарова жүктелсін.

3. Шешім алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

АУДАН ӘКІМІ  
"КЕЛІСІЛДІ"

Н. НӘЛІБАЕВ

"Қызылорда облысы Шиелі ауданының  
Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

Д. Нурхожин \_\_\_\_\_ "31" қаңтар 2012 ж.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қызылорда облысының денсаулық  
сақтау басқармасының "Шиелі аудандық  
емханасы" шаруашылық жүргізу  
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық  
кәсіпорнының бас дәрігері

Н. Әмір \_\_\_\_\_ "31" қаңтар 2012 ж.

"КЕЛІСІЛДІ"

"Шиелі аудандық ішкі істер бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы

С. Қарынбаев \_\_\_\_\_ "31" қаңтар 2012 ж.